

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**  
**АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ ҰЛТТЫҚ**  
**ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМА**

**Жалпы білім беретін мектептердің психологтарына, логопедтеріне, арнайы педагогтарына, педагог-ассистенттеріне арналған «Жалпы білім беретін мектептерде білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» бойынша педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы**

**АЛМАТЫ 2020**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Жалпы білім беретін мектептерде білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу»(ары қарай Бағдарлама) жалпы білім беретін мектептердің психологтары, логопедтері, арнайы педагогтары, педагог-ассистенттерін оқытуды реттейді.

2. Бағдарлама инклюзивті білім беру жағдайында білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша психолог, логопед, арнайы педагог, педагог-ассистенттердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған.

3. Курстық оқудың ұзақтығы 72 сағатты құрайды, 9 жұмыс күні, оның әрқайсысы күніне 2 сағаттан (8 академиялық сағат) 4 сабақтан тұрады. Сабақтардың мазмұны осы Бағдарламаның 1 және 2 қосымшаларына сәйкес оқу жоспарында берілген.

## 2. Глоссарий

4. Курстың глоссарийі келесі негізгі ұғымдардан тұрады:

1) инклюзивтік білім беру—әр алуанжәне әр түрлі қажеттіліктері мен қабілеттерін ескере отырып, кемсітудің барлық түрлерін жойып, барлық балаларға сапалы білім беруге бағытталған, жалпы білім беруді дамытудың үздіксіз процесі;

2) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар (балалар) (ЕБК) – төмендегі жағдайлар салдарынан тиісті деңгейдегі білім алу кезінде тұрақты немесе уақытша қиындықтарға тап болған тұлғалар (балалар): даму ерекшеліктеріне; мінез-құлық және эмоционалдық проблемаларға; қоршаған орта факторларына (әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық, мәдени) байланысты;

3) Ерекше білім беру қажеттілігі- бұл ерекше қабілеттерінің, немесе туа біткен және кейіннен пайда болған бұзылыстар салдарынан болатын, сондай-ақ әлеуметтік ортаның қолайсыз факторлары нәтижесінде туындайтын, білім беру процесі барысындағы көмек пен қызметке деген қажеттілік;

4) арнайы білім алу қажеттіліктерін бағалау –оқушының білім алуға қажетті көмек және қызмет көлемін анықтау;

5) білім алуға арнайы жағдайлар – оқу бағдарламалары және оқу әдістері, техникалық және басқа құралдар, тыныс-тіршілік ортасын қамтитын жағдайлар, сондай-ақ, білім алуда ерекше қажеттіліктері бар тұлғалардың (балалардың) жалпы білім беру және оқу бағдарламаларын меңгеруге мүмкіндік туғызатын медициналық, әлеуметтік және басқа да қызметтер;

6) психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету –педагогтар мен мамандардың жүйелі түрде ұйымдастырылған қызметі, оның барысында баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқуы мен дамуы үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалады;

7) психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету кабинеті - ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен психологиялық-педагогикалық қолдау көрсететін мамандардың топтық және жеке сабақтар өткізуіне, педагогтар мен ата-аналарға кеңес беруіне арнайы жабдықталған бөлме (сынып);

8) қысқартылған оқу бағдарламасы - білім алушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, жалпыға міндетті білім берудің мемлекеттік стандарты негізінде жасалған оқу бағдарламасы;

9) жеке оқу бағдарламасы - зияттық бұзылымдары бар білім алушыларға арналған үлгілік бағдарлама негізінде және оқушының жеке мүмкіндіктері ескеріле отырып жасалған оқу бағдарламасы.

10) оқу үрдісін ұйымдастырудың медициналық тәсілі – оқушының ерекше қажеттіліктерін бағалау медициналық диагнозына шоғырланып, оқыту – даму кемшіліктерін түзету негізінде делген тәсіл.

11) оқу үрдісін ұйымдастырудың әлеуметтік-педагогикалық тәсілі – оқушының білім алу дағды қажеттіліктерін бағалау білім беру ортасы факторларына, оқыту – психологиялық-педагогикалық қолдауға негізделген тәсіл.

12) психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес – туылғаннан 18 жасқа дейін балалардың білім алу дағды ерекше қажеттіліктерін анықтап, бағалау, оларды жалпы білім беретін және арнайы білім беретін ұйымдарда қанағаттандыру үшін нұсқаулар құрастыру, отбасына, мұғалімдерге, тәрбиешілерге, мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдарына кеңес беруді жүзеге асыратын арнайы білім беру ұйымы.

### **3. Бағдарламаның тақырыбы**

5. Біліктілікті арттыру бағдарламасы келесі тақырыптарды қамтиды:

1) 1-тақырып. Инклюзивтік білім берудің түсінігі, саясаты және әдіснамасы. Даму мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың оқу процесін ұйымдастырудың медициналық және әлеуметтік-педагогикалық модельдері (тәсілдері);

2) 2-тақырып. Инклюзивтік білім беру саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық база;

3) 3-тақырып. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар топтарының сипаттамасы;

4) 4-тақырып. Оқушыларды оқытудағы ерекше қиындықтардың психологиялық-педагогикалық жіктелуі;

5) 5-тақырып. Ерекше білім беру қажеттілігінің сипаттамасы (қызмет және қолдау);

6) 6-тақырып. Оқушылардың ерекше білім беру қажеттілігін (ЕБҚ) анықтау және бағалау тәртібі (алгоритм);

7) 7-тақырып. ЕБҚ ескере отырып, оқушылардың білім алу ортасы мен оларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;

8) 8-тақырып. Оқушының даму ерекшеліктері және мүмкіндіктерін терең зерттеу әдістері, ПМПК тұжырымдамасына сәйкес мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау бағыттарын анықтау.

9) 9-тақырып. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушылармен атқаратын жұмыстардың мамандардың жеке даму бағдарламаларын құрастыру технологиясы. ЕБҚ бар оқушылармен жеке және топтық сабақтар өткізу әдістемесі;

10) 10-тақырып. Оқу жоспарларын бейімдеу (қысқарту), ЕБҚ бар оқушылар үшін жеке оқу жоспарларын құру. Бағдарламаның жүзеге асырылуына мониторинг жүргізу.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері**

6. Бағдарламаның мақсаты инклюзивті білім беру жағдайында білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша психолог, логопед, арнайы педагог, педагог-ассистенттердің кәсіби құзыреттілігін дамыту.

7. Бағдарламаның міндеттері:

1) бекітілген нормативті-құқықтық актілерімен инклюзивті білім беруді дамытудың мемлекет саясатының негізгі бағыттарын зерделеу; білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды мектепте психологиялық-педагогикалық қолдаудың әлеуметтік-педагогикалық аспектілері;

2) жалпы білім беретін мектеп жағдайында оқушылардың білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау алгоритмдерін, командалық тәсіл ұстанымына сәйкес оқушылардың психологиялық, арнайы педагогикалық, логопедиялық даму ерекшеліктерін және мүмкіндіктерін терең тексеру әдістерін меңгеру;

3) білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыны психологиялық-педагогикалық қолдау жағдайында даму жұмысының жеке бағдарламасын құрастыру үрдісінде, оқу бағдарламаларын бейімдеу және жекелендіру және оларды жүзеге асыруда қолдау көрсету мамандары және мұғалімдердің коллаборативті қатынас құру дағдысын меңгерген.

8. Курс соңында тыңдаушылар:

1) инклюзивті білім беруді дамытудың мемлекет саясатының негізгі бағыттарын түсіндіреді, отандық нормативті базада бағдарланады; білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды мектепте психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі бағыттарын анықтауда әлеуметтік-педагогикалық үлгісін ұстанады.

2) жалпы білім беретін мектеп жағдайында оқушылардың білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау алгоритмдерін түсінеді, командалық тәсіл ұстанымына сәйкес оқушылардың психологиялық, арнайы педагогикалық, логопедиялық даму ерекшеліктерін және мүмкіндіктерін терең тексеру әдістерін таңдай алады;

3) білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыны психологиялық-

педагогикалық қолдау жағдайында даму жұмысының жеке бағдарламасын құрастыру үрдісінде, оқу бағдарламаларын бейімдеу және жекелендіру және оларды жүзеге асыруда қолдау көрсету мамандары және мұғалімдердің коллаборативті қатынас құру дағдысын меңгерген.

## **5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

9. Бағдарлама 5 модульден тұрады: нормативтік-құқықтық, психологиялық- педагогикалық, мазмұндық, технологиялық, нұсқалық.

10. Нормативтік-құқықтық модуль:

1) 2-тақырып. Инклюзивтік білім беру саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық база: «инклюзивті білім беру» түсінігін неғұрлым әділ, кемсітусіз қоғамның негізі ретінде заманауи тұрғыда түсіндіру; инклюзивті білім берудің халықаралық-құқықтық негіздері: БҰҰ Конвенциялары, 1994 жылғы Саламан декларациясы және басқалары. Отандық нормативтік құқықтық база: ҚР Конституциясы, ҚР Заңдары: «Бала құқығы туралы», «Білім туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсету туралы»; бастауыш, негізгі орта, жалпы ортажалпы білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелері; бастауыш, орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгерімін, аралық және қорытынды аттестаттауды ағымдағы бақылауды жүргізудің үлгілік ережелері. Қазақстан Республикасы БҒМ № 125 бұйрығы, басқа да өзекті нормативтік құжаттар.

11. Психологиялық-педагогикалық модуль:

1) 3-тақырып. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар топтарының сипаттамасы: ЭЫДҰ ұсынған оқуда қиындықтары бар балалардың (ерекше білім беру қажеттіліктері бар) 3 тобы: дамуында ауытқулары бар балалар (Disabilities); оқуда қиындықтары бар балалар (бір немесе бірнеше пәндер), мінез-құлық және эмоционалдық проблемалармен (Difficulties), қолайсыз - әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, тілдік, мәдени жағдайларға байланысты пайда болған ерекше беру қажеттіліктері балалар (Disadvantages);

2) 4-тақырып. Оқушыларды оқытудағы ерекше қиындықтардың психологиялық-педагогикалық жіктемесі; оқу қиындықтарының пайда болу сипаттамалары: жұмыс қабілеттілігі төмен, әрекетін еркін реттеу, жоспарлау және бақылау қиындықтары; көру ақпаратын өңдеудегі қиындықтар; көру-кеңістіктік ақпаратты өңдеудегі қиындықтар; есту-сөйлеу ақпаратын өңдеудегі қиындықтар.

12. Мазмұндық модуль:

1) 1-тақырып. Инклюзивтік білім беру түсінігі, саясаты және әдістемесі. Даму мүмкіндіктері шектеулі мектеп оқушыларының оқу процесін ұйымдастырудың медициналық және әлеуметтік-педагогикалық модельдері

(тәсілдері): әр алуанжәне әр түрлі қажеттіліктері мен қабілеттерін ескере отырып, кемсітудің барлық түрлерін жоя отырып, барлық балаларға сапалы білім беруге бағытталған, жалпы білім беруді дамытудың үздіксіз процесі ретіндегі «инклюзивтік білім беру» ұғымының заманауи түсініктемесі(БҰҰ, ЮНЕСКО). Инклюзивтік білім берудің құндылықтары: білім алушылардың алуан түрлі мүмкіндіктері кедергілер мен проблемалар емес - ресурстар; барлық оқушыларға қолдау көрсету; оқушыларды қолдау процесіне барлық мектеп қызметкерлерін тарту; проблемалардыұжымдық тұрғыда шешу, өзара көмек; атаулар қоюдан бас тарту: («ерекше балалар», «біздің инклюзивтіктер», «инклюзиямен қамтылғандар»). Инклюзивті білім берудің үш компонентінің сипаттамасы: инклюзивтік мәдениет, инклюзивтік саясат, инклюзивтік практика. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін оқу процесін ұйымдастырудың әлеуметтік-педагогикалық моделі (тәсілі) - инклюзивтік білім берудің әдіснамалық негізі. Мүгедектігі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларғақатысты медициналық және әлеуметтік-педагогикалық модельдерді (тәсілдерді) салыстыру. Елдегі инклюзивті білім беруді дамытудың жүйелі тәсілі (Д. Митчелл);

2) 5-тақырып. Ерекше білім беру қажеттіліктерінің сипаттамасы: ерекше қабілеттерінің, немесе туа біткен жәнекейіннен пайда болған бұзылымдар салдарынан болатын, сондай-ақ әлеуметтік ортаның қолайсыз факторлары нәтижесінде туындайтын білім беру процесі барысындағы көмек пен қызметке деген қажеттілік ретінде - ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау.Ерекше білім беруқажеттіліктерінің топтары (қызмет және қолдау), олардың сипаттамалары: 1-топ - оқытудың нұсқалық, арнайы және балама әдістерінде, оқулықтар мен жеке оқу материалдарын іріктеуде, оқу нәтижелерін бағалаудың тәртібі мен өлшемдерін өзгертудеоқу жоспарлары мен бағдарламаларын өзгерту қажеттілігі; 2-топ - техникалық құралдарға, кедергісіз ортаға, оқу орнын бейімдеуге қажеттілік; 3-топ –арнайы мамандардың көмегіне (психолог, логопед, арнайы педагог, әлеуметтік педагог) және ассистент-педагогтың сүйемелдеуіне деген қажеттілік. Ерекше қажеттіліктердің әрқайсысын іске асыруды нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету;

3) 6-тақырып. Оқушылардың арнайы білім беру қажеттіліктерін (ЕБҚ) анықтау және бағалау тәртібі (алгоритмі): сынып мұғалімінің, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мамандарының, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауы. Бағалау құралдары және рәсімі. Құжаттама;

4) 7-тақырып. ЕБҚ-ін ескере отырып, білім беру ортасын және оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру: мектептегіортаны дайындау: педагогтың әр оқушыныңмүмкіндіктеріне қарамастансөзсіз қабылдауы; оқу процесінің барлық қатысушылары мен техникалық қызметкерлердің төзімділік мәдениетін қамтамасыз етуі; ЕБҚ бар білім алушының ең жақын даму аймағына сәйкес білім мақсаттарын анықтау; ЕБҚ бароқушыны мектептегі оқудан тыс жұмыстарға қатыстыру; оқушыға

қолдау көрсетуде отбасының әлеуетін пайдалану. Мектепте қолайлы жағдай жасау үшін күтілетін нәтижелер: оқушының мектепке, мұғалімдерге, сыныптастарына деген оң көзқарасы; жалпы, қысқартылған немесе жеке бағдарлама шеңберіндегі академиялық жетістік, оқушының әлеуметтік бейімделуі, өзін-өзі оң бағалауы. Инклюзивтік мектеп ортасын құру бойынша әкімшілік пен педагогикалық ұжым қызметінің негізгі бағыттары: мектептегі ағымдық жағдайды талдау және бағалау; оқу процесіне қатысушылардың қызметтерін анықтау; психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жергілікті нормативтік негізін құру; мектептің педагогикалық ұжымының кәсіби даярлығы; мектеп қоғамдастығын дайындау; одақтастар мен әлеуметтік серіктестерді іздестіру;

### 13. Технологиялық модуль:

#### 1) 8-тақырып.

Оқушының ерекше дамуы және мүмкіндіктерін терең тексеру әдістері.

БАЕҚ бар балалардың даму ерекшелігін психолог, логопед, арнайы педагог, педагог-ассистенттің терең тексеру ұстанымдары, құжаттар толтыру. Алынған ақпаратты сараптау, тексеру нәтижелерін өңдеу. Оқушының жалпы сипаттамасын топтық құрастыру және оның оқуда ерекше қажеттілігін анықтау.

Қажеттіліктерді бағалаудың командалық тәсілі. ПМПК қорытындысы және нұсаулары бар оқушының білім алудағы ерекше қажеттіліктерін бағалау алгоритмі. Қажеттіліктерді бағалаудың командалық тәсілі. Құжаттамаларды талдау.

2) 9-тақырып. Оқушының даму ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін терең зерделеу әдістері. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылармен жұмыс істейтін мамандардың жеке даму бағдарламаларын құрастыру технологиясы. ЕБҚ бар білім алушылармен жеке және топтық сабақтар өткізу әдістемесі.

Бағдарламаның мазмұны және құрылымы.

Оқушыны қолдауды мұғалім, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары, ата-аналар арасында қызметтерін бөлу.

Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушылармен мамандардың жеке даму бағдарламаларын құрастыру технологиясы, мақсаты, міндеттері. Бағдарламаның сәтті жүзеге асырылуына мониторинг жүргізу. Мамандардың оқушылармен жүргізетін жеке және топтық сабақтарының мақсаты, міндеттері. Сабақтарды жоспарлау, құжаттарды ресімдеу және сабақтар тиімділігінің ағымдағы мониторингін жүргізу;

3) 10-тақырып. Оқу бағдарламаларын бейімдеу (қысқарту), ЕБҚ бар білім алушыларға арналған жеке оқу жоспарларын құру.

Оқушылардың ерекше қажеттіліктерін ескеріп МЖМБС Типтік оқу бағдарламаларын бейімдеу (қысқарту) тәртібі, жалпы білім беретін ұйымдардың (бастауыш, орта, жалпы) үлгілік қағидаларының Типтік ережелеріне сәйкес зиятында бұзылыстары бар оқушыларға арналған жеке оқу бағдарламасын құру тәртібі. Педагогикалық диагностика (формативті бағалау),

оқу бағдарламасы мазмұнын жекелеу және бейімдеу негізі ретінде, оқу әдістері мен тәсілдері, оқу жетістіктерін бағалау.

Зиятында бұзылыстары бар оқушылардың оқу жоспарын жекелеу ҚР «Білім туралы» Заңының 47 бабына сәйкес.

Білім туралы құжат.

14. Нұсқалық модуль:

1) қарым-қатынас жасауда және әлеуметтік өзара әрекеттестікте ерекшеліктері бар оқушыға арнайы оқыту жағдайларын жасау және әлеуметтік қолдау көмегін көрсету.

## **6. Оқу процесін ұйымдастыру**

15. Біліктілікті арттыру курстары келесі режимде ұйымдастырылады:

1) Бағдарламаның 1-қосымшасына сәйкес күндізгі оқыту режимінде курстың оқу-тақырыптық жоспары (бұдан әрі - ОТЖ) бойынша күндізгі оқу. Күндізгі курстардың ұзақтығы - 72 сағатты құрайды (1 академиялық сағат - 45 минут). Бір күндізгі апталық курстарды ұйымдастырған кезде ОТЖ-да сағат саны екі есе азаяды, сабақтардың тақырыптары мен формасы өзгеріссіз қалады;

2) аралас оқыту- Бағдарламаның 2-қосымшасына сәйкес курстың тақырыптық оқу жоспары бойынша аралас оқу түрі, оқыту үш кезеңнен тұрады: күндізгі бөлім - 16 сағат, қашықтықтан оқыту - 8 сағат, өз бетінше оқу - 48 сағат (1 академиялық сағат - 45 минут). Күндізгі оқыту курстың бірінші және соңғы күнінде жүргізіледі.

16. Оқу процесіне оқытудың интерактивті формалары мен әдістері кіреді: дәріс, семинар, топтық және жұптық практикалық жұмыс, топтық тренинг, мастер-класс, конференция, дөңгелек үстел, кейстер әдісі, мәселелерді бірлесіп шешу, және де вебинар, онлайн-форум, онлайн кеңес беру және аралас оқыту режимінде курс тыңдаушыларының өз бетінше оқуы.

17. Педагогтардың Бағдарлама мазмұнын түсіну деңгейін жоғарылату үшін кейіннен талқылау және рефлексия арқылы топтық жұмысты кеңінен қолдану; құжаттамамен жұмыс; ұжымдық жұмысты кейіннен көрсете отырып, шағын топтарда теория мен практиканың негізгі мәселелерін талқылау қарастырылады.

## **7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету**

18. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуіне кіреді:

1) педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасы;  
2) Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау процесін талдауға, ЕБҚ бар білім алушылардың ерекшеліктерін терең зерттеуге арналған үлестірме материалдар.

3) психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының құжаттар пакеті;



- 4) қолдау көрсететін мамандармен өткізетін сабақтарға арналған оқушылардың жеке бағдарламаларының үлгілері;
- 5) сауалнамалар, бақылау және өзіндік жұмыс материалдары.

## **8. Оқыту нәтижелерін бағалау**

19. Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында жүргізіледі: өзіндік жұмыс, жедел-сауалнамалар, қорытынды тестілеу, сондай-ақ аралас оқыту режимінде курс үшін аралық тестілеу. Өзіндік және бақылау жұмыстарына арналған тапсырмалар, сауалнама парақтар, тест тапсырмалары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі - ОӘК) енгізілген.

20. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптасу деңгейін, Бағдарламаның мазмұнын меңгеруінанықтау үшін профессорлық-оқытушышылар құрамы кері байланысты жүзеге асыру үшін Бағдарламаның әр тақырыбына бақылау тапсырмаларын құрастырады (өзіндік жұмыс, сауалнама және т.с), және қорытынды бақылау жұмысы. Алынған кері байланыс негізінде дәріс және практикалық сабақтар мазмұнына түзетулер енгізіледі, қосымша материал таңдалады (құжаттар үлгісі, әдебиеттер тізімі, дидактикалық материалдар тізімі, видео-материалдар және т.б), Бағдарлама мазмұнын қосымша түсіндіру жүргізіледі. Қорытынды бақылау жұмысын орындау келесі критерийлерге сәйкес бағаланады: іске асырылмады (дұрыс жауап берілмеді), жартылай іске асты (дұрыс жауап 50% аз), толық жүзеге асты (дұрыс жауап 70-100 %). Қорытынды тестілеуді өтіп және курсты аяқтау үшін 70% кем емес дұрыс жауап беру керек. Қорытынды бақылау жұмысының нәтижесінің негізінде курстан кейінгі сүйемелдеу кезеңінде кеңес беру мазмұны жоспарланады.

## **9. Курстан кейінгі қолдау**

21. Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдау келесі формаларда жүзеге асады:

- жеке, топтық кеңес беру (соның ішінде видеоконференция жүзінде);
- арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының сайтындағы мәтіндік және видео-материалдарды қолданып әдістемелік және нормативті-құқықтық сүйемелдеу;
- әдістемелік семинарлар (соның ішінде вебинарлар);
- ғылыми-практикалық конференциялар.

## **10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі**

22. Курс бойынша негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспары (Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15

ақпандағы № 636 жарлығы)

2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі»;

3. ҚР «Білім туралы» заңы (10.06.2020 енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен).

4. «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі шаттарынжәне педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республкасының Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №№77 ҚР Үкіметінің 03.06.2020 №346 редакциясында.

5. "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" ҚР БЖҒМ 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы – ҚР білім және ғылым Министрінің бұйрығы 30.04.2020 № 169 редакциясында.

6. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарынақабылдаудыңүлгілік ережелері. ҚРБҒМ 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы.

7. Орта білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) қызметінің үлгілік ережелері / ҚРБҒМң 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы- ҚР білім және ғылым Министрінің бұйрығы 18.05.2020 № 207 редакциясында.

8. Ұстаздар лауазымдарының тізімі. ҚР БЖҒМ 15.04.2020 ж. № 145 бұйрығымен бекітілген.

9. Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары. ҚР БЖҒМ2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы – ҚР БЖҒМ 17.05.2019 №216 бұйрығы редакциясында.

10. Бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптың мүмкіндігі шектеулі білім алушыларына арналғанжаңартылған мазмұндағыүлгілік оқу бағдарламалары. ҚРБҒМ2020 жылғы 5 ақпандағы № 51 бұйрығы.

11. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптың мүмкіндігі шектеулі білім алушыларына арналған жаңартылған мазмұндағыүлгілік оқу бағдарламалары.ҚРБҒМ2018 жылғы 20 қыркүйектегі № 469 бұйрығы.

12. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оқу жоспарларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары білім алушыларының үлгеріміне, аралық және қорытынды аттестаттауғаағымдық бақылау жүргізудің үлгілік ережелері. 2018 жылғы 14 маусымда өзгерістеріменҚРБҒМ2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы.

13. «Мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттардың түрлері мен нысандарын бекіту туралыжәне оларды беру ережелері», ҚРБҒМ2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығы.

14. Жалпыға міндетті білім берудің мемлекеттік стандарты (бастауыш, негізгі орта, орта), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31

қазандағы № 604 қаулысымен бекітілген – ҚР БЖҒМ 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығы редакциясында.

15. Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, және де арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһаздармен жабдықтау нормалары. ҚРБҒМ2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы.

16. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім бағдарламалары бойынша оқыту үшін білім беру ұйымдарына ведомстволық бағыныстылығына қарамастан құжаттарын қабылдау және білім беру ұйымына қабылдау. Мемлекеттік қызметтер стандарты. ҚРБҒМ 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 179 бұйрығы

17. Митчелл Д. Эффективные педагогические технологии специального и инклюзивного образования. Главы из книги. М.: РООИ «Перспектива».- 2011 г. 138 с. [Электронный ресурс <https://dogmon.org/devid-mitchell-effektivnie-pedagogicheskie-tehnologii-speciale.html>].

18. Стратегии командного сотрудничества в реализации инклюзивной практики образования . Сборник материалов. М.: РООИ «Перспектива».- 2012 г. 115 с.

19. Методические рекомендации по системе критериального оценивания учебных достижений детей с ограниченными возможностями. Астана, 2015 г. [Электронный ресурс <https://nao.kz/>].

20. Методика педагогической диагностики (текущего контроля) учебных достижений младших школьников с задержкой психического развития. Методические рекомендации. Алматы, 2018. [Электронный ресурс <https://www.special-edu.kz/>].

21. Пособие по совершенствованию инклюзивной практики в образовании (Перевод с английского). Белград, 2012. [Электронный ресурс <https://kurs.znate.ru/docs/index-104101.html?page=2>].

22. Қысқа, орта және ұзақ мерзімді негізде мектептерде ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көмегін көрсету. Әдістемелік ұсынымдар. ҰБА, Астана, 2015 жыл. [Электронный ресурс <https://nao.kz/>].

23. Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. Психолог-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе. Алматы. 2019 г.- 106 с. [Электронный ресурс <https://www.special-edu.kz/>]

23. Елисеева И.Г., Чумакова О.Ф. Профессиональное сопровождение педагогов общеобразовательных школ, реализующих инклюзивную практику. Методические рекомендации. Алматы, 2015 г

24. Айдарбекова А.А. Создание социально гуманной среды в организациях общего образования. Алматы, 2015 .

26 Амрина Б.Б., Елисеева И.Г., Жангазиева Т.А., Чумакова О.Ф. Организационные основы и формы включения школьников с ограниченными

возможностями в общеобразовательный процесс. Методические рекомендации.- Алматы: ННПЦ КП, - 2014 г.- 109 с.

27. Айдарбекова А.А., Ермекбаева Л.Х., Дербисалова Г.С., Самигурина З.Р. Формирование позитивного психологического климата в инклюзивном классе общеобразовательной школы.-Алматы: ННПЦ КП, - 2014 г.- 48 с.

28. Айдарбекова А.А., Ермекбаева Л.Х., Дербисалова Г.С., Самигурина З.Р. Формирование социальной компетентности детей с ограниченными возможностями, обучающихся в инклюзивной среде. Методические рекомендации.- Алматы: ННПЦ КП, - 2015 г.- 59 с.

29. Технология нейропсихологической коррекции трудностей школьного обучения: Методические рекомендации / сост. А.К.Ерсарина, Г.К.Кудайбергенова, К.Б.Досыбаева, Т.Н. Алмазова. – Алматы 2015

30. Ибраев М.У. Региональная модель взаимодействия различных структур по внедрению инклюзивного образования. 2015 г. [Электронный ресурс [http://www.open-school.kz/glavstr/inclusiv\\_obraz/inclusiv\\_obraz\\_144\\_1.htm](http://www.open-school.kz/glavstr/inclusiv_obraz/inclusiv_obraz_144_1.htm)].

31. Е.А. Ямбург, С.Д.Забрамная. Управление службой сопровождения детей в условиях образовательной организации. М.:«Бослен», 2013 г. – 252 С.

32. Организация деятельности логопедического пункта. Методические рекомендации/сост.Ерсарина А.К.. – Алматы: ННПЦ КП, 2017г.

33. Ахутина Т.В., Камардина И.О., Пылаева Н.М. Нейропсихолог в школе. Индивидуальный подход к детям с трудностями обучения в условиях общего образования. М.: В.Секачев.- 2013.-57 с.

### **Интернет қорлары**

1 Қазақстанда инклюзивті білім беруді енгізе бастады <http://www.31.kz/ru/video/document1799.phtml>

2 Қазақстандағы инклюзивті білім беру [http://www.youtube.com/watch?v=Ttgef\\_oTVog](http://www.youtube.com/watch?v=Ttgef_oTVog)

3 Инклюзивті білім — барлығына бірдей қолжетімді ортамен білім беру <http://www.petropavl.kz/skoipkppk/nbaza/28.shtml>

4 Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасы <http://special-edu.kz/index.php?do=static&page=concept>

5 Қазақстанда инклюзивті білім беруді ендіруге жылдар кетеді <http://pravonamesto.kz/incluziv/82-na-vnedrenie-inklyuzivnogo-obrazovaniya-v-kazaxstane-ujdet-ne-odin-god.html>

6 Білім беру және мүгедектер <http://obrazovanie.perspektiva-inva.ru/?1101#4>

«Жалпы білім беретін мектептерде білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 1-қосымша

### Күндізгі оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтар тақырыбы	Дәріс	Практ. сабақ	Тренинг	Мастер-класс	ЖТ С	Дөңгелек үстел	Жобаны қорғау	Тест	Барлығы
	<b>Нормативтік-құқықтық модуль</b>	4								4
1.1	Инклюзивтік білім беру саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық база	4								4
2	<b>Психологиялық-педагогикалық модуль</b>	8								8
2.1	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар топтарының сипаттамасы	4								4
2.2	Оқушыларды оқытудағы ерекше қиындықтардың психологиялық-педагогикалық жіктемесі	4								4
3	<b>Мазмұндық модуль</b>	16	6	4	4					26
3.1	Инклюзивтік білім беру түсінігі, саясаты және әдіснамасы	6								6
3.2	Психофизикалық даму ерекшеліктері бар мектеп оқушыларының оқу процесін ұйымдастырудың медициналық және әлеуметтік-педагогикалық модельдері (тәсілдері)	2	2							4
3.3	Ерекше білім беру қажеттіліктерінің сипаттамасы	2	2							4
3.4	Мектеп	2	2	2	2					8

	оқушыларының арнайы білімалу қажеттіліктерін (ЕБҚ) анықтау және бағалау тәртібі (алгоритмі)								
3.5	ЕБҚ-ін ескере отырып, мектеп оқушыларының білім беру ортасын және оларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру	4							4
3.6.	Тыңдаушылардың оқу жетістіктеріне диагностика жасау							1	1
4	<b>Технологиялық модуль</b>	<b>12</b>	<b>6</b>	<b>10</b>	<b>2</b>				<b>30</b>
4.1	Оқушының даму ерекшеліктері және мүмкіндіктерін терең зерделеу әдістері.	6	2	2	2				12
4.2	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылармен жұмыс жасайтын мамандардың жеке даму бағдарламаларын құрастыру технологиясы ЕБҚ бар білім алушылармен жекек және топтық сабақтар өткізу әдістемесі	4	2	4					10
4.3	Оқу бағдарламаларын бейімдеу (қысқарту), ЕБҚ бар білім алушыларға арналған жеке оқу жоспарларын құру	2	2	4					10
5	<b>Нұсқалық модуль</b>	2		2					4
5.1	Қарым-қатынастық және әлеуметтік өзара әрекеттестікте ерекшеліктері бар оқушыға арнайы оқыту жағдайларын жасау және қолдау көмегін көрсету.	2		2					4
<b>Барлығы:</b>		<b>44</b>	<b>16</b>	<b>8</b>	<b>2</b>				<b>72</b>

«Жалпы білім беретін мектептерде білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына  
2- Қосымша

### Аралас оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтар тақырыбы	Күндізгі оқу				Қашықтықта оқу			Өздігінше оқу	Барлығы
		16 с.	Дәріс	Практикалық сабақ	Тренинг	Жобаларды қорғау	Вебинар	Онлайн-форум	Онлайн-кеңес	
1.	<b>Нормативтік-құқықтық модуль</b>	2							2	4
1.1	Инклюзивтік білім беру саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық база.	2							2	4
2	<b>Психологиялық-педагогикалық модуль</b>					2			3	5
2.1	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар топтарының сипаттамасы					1				1
2.2	Оқушыларды оқытудағы ерекше қиындықтардың психологиялық-педагогикалық					1			3	4

	жіктемесі								
3	<b>Мазмұндық модуль</b>	18			<b>1</b>			<b>20</b>	<b>31</b>
3.1	Инклюзивтік білім берудің түсінігі, саясаты және әдіснамасы	6						2	6
3.2	Психофизикалық даму ерекшеліктері бар мектеп оқушыларының оқу процесін ұйымдастырудың медициналық және әлеуметтік-педагогикалық модельдері (тәсілдері)	2						2	4
3.3	Ерекше білім беру қажеттіліктерінің сипаттамасы	2						2	4
3.4	Оқушылардың арнайы білім беру қажеттіліктерін (ЕБҚ) анықтау және бағалау тәртібі (алгоритмі)	2			1			9	12
3.5	ЕБҚ-ін ескеріп отырып, оқушыларға білім беру ортасын және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру	4						4	4
3.6	Тыңдаушылардың оқу жетістіктеріне диагностика жасау							1	1
4	<b>Технологиялық модуль</b>	<b>14</b>			<b>3</b>			<b>21</b>	<b>28</b>
4.1	Ерекше білім беру	4			1			6	9



	қажеттіліктерін бағалау және ПМПК тұжырымдамасы бойынша оқушыға мектепте психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің бағыттарын анықтау								
4.2	Оқушының даму ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін терең зерделеу әдістері. Ерекше білім қажеттіліктері бар оқушылармен жұмыс істейтін мамандардың жеке даму бағдарламаларын құрастыру технологиясы	8			1			8	9
4.3	ЕБҚ бар білім алушылармен жеке және топтық сабақтар өткізу әдістемесі	2						3	3
4.4	Оқу бағдарламаларын бейімдеу (қысқарту), ЕБҚ бар білім алушыларға арналған жеке оқу жоспарларын құру	2			1			3	6
4.5	Тыңдаушылардың оқу және практикалық жетістіктеріне диагностика жасау							1	1
5	<b>Нұсқалық модуль</b>						<b>2</b>	<b>2</b>	<b>4</b>

5.1	Қарым-қатынастық және әлеуметтік өзара әрекеттестікте ерекшеліктері бар оқушыға арнайы оқыту жағдайларын жасау және қолдау көмегін көрсету.						2	2	4
<b>Барлығы:</b>		<b>16</b>			<b>6</b>		<b>2</b>	<b>48</b>	<b>72</b>